

ЖШС «Ескендир 07», «Ескендір» бөбекжайы

«Адал азамат» біртұтас тәрбие

Тақырыбы: «Ана мен бала ғажайып әлемі»



MADE WITH
**Scanner
App**



«Адал азамат – Біртұтас тәрбие»
Тақырыбы: «Ана мен бала – ғажайып әлемі»

Білім беру саласы: Әлеуметтік-эмоционалдық тәрбие, сөйлеуді дамыту

Жас тобы: Ересек топ (5-6 жас)

Мақсаты:

Балаларға ананың мейірімі мен еңбегін түсіндіру, анаға құрмет пен сүйіспеншілік сезімін қалыптастыру, отбасы құндылығын дәріптеу.

Міндеттері:

Білімділік: Ана мен бала арасындағы сүйіспеншілік туралы түсінік беру.

Дамытушылық: Балалардың сөздік қорын, ойлау қабілетін дамыту.

Тәрбиелік: Анаға құрмет, мейірім, қамқорлық сезімін тәрбиелеу.

Көрнекіліктер:

Ана мен бала суреттері, отбасы фотолары, жүрекшелер, смайликтер.

Ұйымдастыру кезеңі

Шаттық шеңбері

Балалар шеңберге тұрады.

Тәрбиеші:

Қайырлы таң, күн ана!

Қайырлы таң, жер ана!

Қайырлы таң, достарым!

Бәрімізге қуаныш!

Кіріспе бөлім

Тәрбиеші:

— Балалар, сендерді кім еркелетеді?

— Ана деген кім?

Балалардың жауаптары тыңдалады.

Тәрбиеші қорытындылайды:

— Ана – ең жақын, ең мейірімді адам.



Негізгі бөлім

Әңгіме

Ана – баласын өмірге әкеліп, оны өсіріп, бағып-қағатын ең қымбат жан. Ол бізді жақсы көреді, қорғайды, қамқор болады.

Сұрақтар:

- Ана сендерге не істейді?
- Сендер анаға қалай көмектесесіңдер?
- Ананды не үшін жақсы көресің?

Дидактикалық ойын

«Анама көмектесемін»

Балалар жауап береді:

- ойыншықтарды жинау
- ыдыс жинауға көмектесу
- сәлем беру
- тыңдау

Сергіту сәті

Анам мені жақсы көреді,
Мен де оны сүйемін.
Күлімдеп мен өсемін,
Бақытты бала боламын.

Шығармашылық жұмыс

«Мен және анам» сурет салу

Балалар:

- анасы мен өзін
 - жүрек
 - гүл
- суреттейді.

Жағдаяттық тапсырма

- Анаң шаршаса не істейсің?
- Анаңа қалай көмектесесің?
- Анаңа қандай жылы сөз айтасың?

Қорытынды бөлім

Сұрақ-жауап:

- Ана кім?
- Ана бізге не береді?
- Біз анамызға қалай қараймыз?

Рефлексия

😊 – анамды жақсы көремін

😐 – түсіндім

😞 – қиын болды

Күтілетін нәтиже:

Біледі: ананың мейірімі мен еңбегін.

Түсінеді: отбасындағы ананың рөлін.

Қолданады: анаға көмектесу, құрмет көрсету дағдыларын.



MADE WITH
**Scanner
App**





Орал қаласы білім беру бөлімі

АЛҒЫС ХАТ

Отбасы күніне арналған
«Ана мен бала ғажайып әлемі»
шығармашылық жұмысқа
белсене қатысқан

Мырзагерей Айым Мердіжанқызы

Мырзагерей Айсұлтан Мердіжанұлы

МАРАПАТТАЛАДЫ

Бөлім басшысы



А.Кайржанова

2026 жыл

№ 3427



MADE WITH
Scanner
App

